

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 тамыздағы № 343 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 қыркүйекте № 5129 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 10 сәуірдегі № 189 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 10.04.2018 № 189 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) "Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінің 378-бабында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері бес есеге жоғарылатылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 23.02.2017 № 88 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен
тыс XXXXVIII сессиясының төрағасы:*

Ғ.Әліш

КЕЛІСІЛДІ

*"Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік кірістер
комитеті Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік
кірістер басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы*

Ф.Қожабергенов _____

"21" тамыз 2015 жыл

*Аудандық мәслихат
хатшысы:*

Т. Бөрікұлақов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК